



Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
Сот кабинеті | "Төрелік" АЖ

Судебный кабинет | ИС "Төрелік"
Верховного Суда Республики Казахстан

Judicial office | IS "Torelik"
of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan

Құжат нөмірі (номер документа): 196001L04329044

Жіберілген күні (Дата отправки): 22.10.2022

Наименование области: город Астана

Наименование суда: Верховный Суд Республики
Казахстан (Кассационная
инстанция)

Отправитель: АМАНКОСОВА ЛАЗЗЕТ
АМАНЖОЛОВНА

ПИСЬМО

ТОО «IUSTITIA - ҚҰҚЫҚ» ЖШС

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы сотының төрағасы
Жақып Қажыманұлы Асановқа


Қазақстан Республикасы
Жоғарғы соттың әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы
Төкиев Аслан Сұлтанұлына

АЛҒЫС ХАТ

Құрметті Асанов Жақып Қажыманұлы!
Құрметті Төкиев Аслан Сұлтанұлы!

Елімізде азаматтардың және мемлекеттік мекемелердің құқықтары мен бостандықтарын, олардың заңды мүдделерін қорғау мақсатында жұмыс жасап отырған сот жүйесінің алатын орны ерекше. Бүгінде Жаңа Қазақстанды құруда соттың әділ төрелегімен қаншама азаматтардың және мемлекеттік мекеменің тағдырлары шешілуде.

Подписал(а) АМАНКОСОВА ЛАЗЗЕТ АМАНЖОЛОВНА





Осы орайда мен соттың әділдігіне деген сенімімді арта түсуіне себеп болған Маңғыстау облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының ұжымының төрағасы Джумабаев Серік Сәбитұлына әкімшілік істі қараған кездегі құқықтық кәсібилігі және объективтілігі үшін үлкен шексіз алғысымды білдіремін.

Себебі, жауапкер мемлекеттік мекемеге қатысты анықталған бұзушылықтарды жою және жол берген тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы заңсыз нұсқама берген болатын, алайда талап қоюшы мемлекеттік мекемесінің әрекетін заңсыз деп шығарған нұсқама талап қоюшының заңды құқығымен мүддесіне нұқсан келгендіктен сотқа жүгінген.

Сот аталған әкімшілік істі заң талаптарына сай объективті түрде қарап, мән-жайлар заңға сай зерделеніп, сот ісін жүргізу барысында да заң нормаларын сақтай отырып оларға заң тұрғысында тиісті баға беріп, әкімшілік іс бойынша заңды және негізді сот актісін шығарылды.

Қазақстан Республикасының сот жүйесінің өте жоғары деңгейде екендігіне, әділдіктің барына көзім жетті.

Сондықтан, Маңғыстау облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының осы әкімшілік іске қатысты іс материалдарына тіркелген құжаттарды зерделеп заң талабына сай қарап, дұрыс бағыт бағдар берген Маңғыстау облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы С.Джумабаев мырзаға ол басқарып отырған сот ұжымына жүрек жарды ризашылығымды білдіремін.

Тәуелсіздік таңында Жаңа Қазақстан мемлекетін құруда сот төрелігін әділ жүргізетін әділдіктің туын желбіретіп қызмет атқарып жүрген жақсы білікті мамандарыңыз бар екеніне Алғыс білдіремін.

Мемлекеттік мекеменің мүддесін қорғап әділеттілікті іздеген талап қоюшының құқығын қорғауда заң шеңберінде қалтқысыз қызмет атқарып, дұрыс бағыт берген соттың ұжымына және соттың төрағасы Джумабаев Серік Сәбитұлына кәсіби біліктілігі өркендесін дей келе, жалпы сот саласының әрдайым халықтың ризашылығына бөленуіне тілектеспін.

Сізге деген үлкен ықыласпен
Маңғыстау облысының
заң консультанттары палатасы мүшесі
«IUSTITIA-ҚҰҚЫҚ» ЖШС
директоры Л.Аманкосова

Перечень прилагаемых документов:

1. Алғы хат СМАС МО doc.doc

Подписал(а) АМАНКОСОВА ЛАЗЗЕТ АМАНЖОЛОВНА

